

Акишева Дана Мұратбекқызының «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған «Жаңғырту жағдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді және бүгінгі таңдағы өзекті тақырып болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму тұжырымдамасымен, Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасымен байланысты.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>	Диссертациялық зерттеу ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік мәні бар. Депрессивті аудан түсінігіне авторлық анықтама беріліп, аймақтың аудандарының депрессивтілігін анықтау және инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі ұсынылған. Сонымен қатар жергілікті даму бағдарламаларында депрессивті аудандар түсінігін қолдану қажеттілігі негізделген. Сәйкесінше зерттеліп отырған аймақтың инновациялық даму қарқындылығының төмендігі, әлі де болса жасалуы тиіс шаралардың жеткілікті екендігін білдіреді. Докторанттың диссертациялық

			жұмысының нәтижелері осы бағытты жетілдіруде пайдалы болады деп есептеймін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты орындау барысында докторант өзі жазу принципін сақтаған. Зерттеу тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда сараланған. Докторант бірізділік қағидатын сақтай отырып, зерттеу жұмысын жүйелі жүргізген. Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін бағалау және негізгі мәселелерін анықтау барысында аймақтың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру және жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар жасау негізінде дәлелдей алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қуатты ғылыми сектормен қамтамасыз етілген елдің жоғары инновациялық әлеуетін пайдаланбай, ЖІӨ-нің көлемін ұлғайтуға және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға негізделген міндеттерді шешу мүмкін емес. Аймақтық инновациялық даму белсенділігін тиімді басқару үшін инновациялық даму үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара іс қимыл сипаттарын нақты белгілеу, ақпарат алмасу тәртібін және қажетті инновациялық мүмкіндіктерінің қолдану реттілігін айқындау аса мынызды. Шығыс Қазақстан аймағы аудандарының инновациялық дамуының белсенділігі мен инновациялық мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуын жүйелі түрде бағалап отыру қажет. Сондықтан да диссертация тақырыбының теориялық және тәжірибелік тұрғыда өзектілігі жоғары болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді және еліміздің депрессивті аудандарының инновациялық даму белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстың мазмұнын айқындайды. Диссертациялық жұмыс реттілік заңдылықтарын сақтай отырып, бір-бірімен тығыз байланыста баяндалған және бірін бірі толықтырып отыратын үш бөлімнен тұрады. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу және міндеттерді орындауға бағытталып құрылған. Бірінші бөлімде тақырыптың теориялық негіздері ашылып, екінші бөлімде зерттеу тақырыбына сәйкес талдау және бағалау

			жүргізілген. Ал, үшінші бөлімде ШҚО депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендірудің негізгі бағыттары ұсынылған.
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Жұмыстың мақсатына жету үшін қойылған міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ол экономикадағы аймақтық депрессивтілік құбылысының мазмұнын ашу және олардағы инновациялық дамудың қажеттілігін негіздеуді, депрессивті аудандардың инновациялық дамуының белсенділігін ынталандыру және қамтамасыз ету нысандарын, әдістерін және механизмдерін анықтауды, депрессивті аудандарды сауықтыру және инновациялық дамытудың шетелдік тәжірибесін жүйелеуді, Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау және бағалауды, инновациялық дамуын белсендірудің проблемаларын нақтылауды және депрессивті аудандардың инновациялық дамуын белсендіру тетіктерін бейімдеу бойынша нақты ұсыныстарды тұжырымдауды қамтиды.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның құрылымы, яғни барлық бөлімдері логикалық мазмұнда өзара байланысқан. Әрбір бөлім қорындыланып, тұжырымдалған. Әдебиеттерді шолу негізінде жұмыстық мақсаты мен міндеттері айқындалып, оларды шешу жолдары диссертациядан дәлелді түрде көрсетілген. Жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар жасалып, жұмыстың жаңалығы негізделген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер бар және сыни талдаулармен негізделген. Теориялық бөлімде бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың «депрессивті аудан» ұғымына берген пікірлерін салыстыра отырып, өзінің авторлық анықтамасын берген. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибені сыни талдай отырып, аймақтың дамуына бейімдеуге тырысқан. Екінші бөлімде статистикалық мәліметтер негізінде бірнеше жылға салыстырмалы талдау жасалған. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бағдарламаларға негізделген. Дегенмен, аталған бағдарламалар нәтижелерін сыни талдаған жағдайда жұмыстың маңыздылығы, құндылығы одан әрі арта түсер еді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа. Ізденуші зерттеу нәтижесінде қорытынды жасай отырып, олардан 6 тұжырымдама қорғауға шығарған. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдамаларды жартылай</p>

	<p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жаңа деп бағалауға болады, өйткені докторант белгілі зерттеу әдістемі мен тәсілдерін қолдана отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу негізінде жасаған.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, олардың жаңалық дәрежесі ғылыми журналдарда жарияланған басылымдармен дәлелденген. Автор зерттеуді сапалы жүргізу нәтижесінде теориялық және тәжірибелік маңызы бар қорытындылар жасай алған. Әрбір қорытындының дәйекті негіздемесі бар. Бұл қорытындалды іс жүзінде пайдаланудың маңызы зор. Докторант Шығыс Қазақстан облысының аудандарының депрессивтілігін бағалауды теориялық және әдістемелік негіздей отырып және жаңғырту жағдайында оларда инновациялық дамуды белсендіру бойынша ұсыныстар әзірлеген.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген. Ізденуші зерттеу нәтижесінде аймақтың аудандарының депрессивтілігін анықтау және инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі ұсынылып, өңірлердің инновациялық белсенділік дәрежесін зерттеу үшін кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі, инновациялық өнімнің көлемі, ЖӨӨ-дегі инновациялық өнімнің үлесі; зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындар; технологиялық инновацияларға арналған шығындар сияқты көрсеткіштер негізінде сипаттама берілген және аталған көрсеткіштер автормен формулалар негізінде есептелген. Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, кәсіпорынның инновациялық белсенділігін бағалау моделі ұсынылған. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің қарқындылығын көрсететін негізгі көрсеткіш өз күшімен орындалған өткізілген өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі инновациялық тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемінің үлес көрсеткіші болып табылады. Ізденуші бұл көрсеткішті көп факторлы модель түрінде ұсынған. Сонымен қатар, дұрыс басқару шешімдерін қабылдау жағдайында олар инновациялық дамудың дайверлері бола алады. Осы мақсатта ізденуші депрессивті аудандарды мемлекеттік қолдаудың негізгі векторларын анықтай отырып,</p>

			мемлекеттің депрессивті аудандарына әсер ету саясатының иерархиялық моделін ұсынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Олар ізденуші тарапынан ғылыми басылымдар, статистикалық мәліметтер, ақпараттың ресурстарды зерделеп, сараптай отырып жасалған. Бірінші бөлімде халықаралық беделді басылымдарға сүйене отырып өзінің көзқарастарын дәлелдеген. Екінші бөлімде ШҚО-ның депрессивті аудандарының жағдайы мен инновациялық даму тенденциялары зерттеліп, бағаланған. Үшінші бөлімде жаңғырту жағдайында депрессивті аудандардың инновациялық даму тұжырымдамасын қалыптастырудың экономикалық математикалық үлгісі және депрессивті аудандардың инновациялық дамуын белсендіру бойынша ұсыныстар ғылыми негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>1-қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Проблемалық аймақтардағы өнеркәсіптік кешендерді дамытудың инновациялық әдістерін қолданудағы шет мемлекеттердің тәжірибесі егжей-тегжейлі талданды және жалпыланған.</p> <p>2- қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Зерттеу жұмысында докторант «Депрессивті аудан» ұғымына өзіндік авторлық анықтама берген және оның экономикалық мазмұнын басқа да ғалымдардың анықтамаларымен салыстыра отырып жан-жақты ашып көрсеткен.</p> <p>3- қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Жұмыста докторант Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесін әзірлеген және сынақтан өткізген. Нәтиженің тәжірибелік маңызы зор.</p> <p>4- қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p>

			<p>Облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторлары жүйеленген.</p> <p>5- қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Шығыс Қазақстан облысының аудандарын әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму деңгейі бойынша жіктелген. Берілген зерттеу жұмыстары отандық беделді басылымдарда жарияланып, қолдану деңгейін кеңейту мақсатында көпшілік талқылауына ұсынылған. Нәтиженің тәжірибелік маңызы зор.</p> <p>6- қағидат – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар әзірленген. Менің ойымша, депрессивті аудандардың инновациялық дамуын белсендіру бойынша берілген ұсыныстар жергілікті басқару органдарының бағдарламаларында ескерілу қажет.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындауда зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін қолданылған әдістер мен әдістеме дұрыс таңдалған және ғылыми негізделген. Теориялық және тәжірибелік мәліметтерді зерделеуде абстрактілі логикалық, салыстырмалы және статистикалық талдау, модельдеу, топтастыру және құрылымдық әдістер негізінде жүргізілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Ізденуші зерттеу жұмысында заманауи бағдарламаларды пайдалана отырып облыс аудандарының депрессивтілігін бағалау бойынша модельдер құрастырған.</p>

		8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдамалар дәлелденген және тиісті құжаттармен расталған. Зерттеу жұмысының нәтижелері Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінде және Семей қаласының экономика және қаржы бөлімінің жұмыстарында қолдануға енгізілген. Енгізу актісінде расталғандай зерттеу жұмысында жасалған ұсыныстар депрессивті аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді деген болжам туындап отыр.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара <u>расталған/</u> расталмаған	Диссертациялық зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар мен қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдістемелік тұжырымдар шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми қағидалары пен пікірлері негізге алына отыры, талдау нәтижелері арқылы бағаланып, ізденушінің өзіндік тұжырымдамаларымен қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті деп есептеймін.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Ұсынылып отырған диссертацияның теориялық маңызы жоғары. «Депрессивті аудан» ұғымы авторлық тұрғыдан қарастырылып, мазмұны жан-жақты ашылған. Диссертацияның теориялық материалдары депрессивті аудандардың дамуының инновациялық белсенділігін арттыру бойынша іргелі ғылыми материал бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада кең қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері ШҚО депрессивті аудандарының инновациялық даму белсенділігін арттыру мәселелерін шешуге бағытталған. Диссертациялық зерттеу тұжырымдамалары мен ұсыныстары жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, басқа да ведомстволар мен ұйымдардың стратегиялық жоспары мен бағдарламалық құжаттарын әзірлеуге қолдануға ұсынылады. Сонымен қатар, аймақ экономикасының инновациялық даму үдерістерін зерттеумен айналысатын әзденушілерге әдістемелік негіз ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Ізденушінің ұсынған аймақтың депрессивті аудандарының инновациялық даму белсенділігін арттыру перспективаларын анықтайтын ұсыныстары практикалық тұрғыдан толық жаңа болып табылады.

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Орташадан төмен; 4. Төмен.	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде, түсінікті ғылыми мәтінмен жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары және барлық талаптар ескерілген. Диссертация «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті, ғылыми нәтижелері қорытындылары негізделген және жұмыстың жаңалығы ізденуші жұмыстарына қойылатын талаптарға толық жауап береді. Сәйкесінше, Акишева Дана Мұратбекқызының «Жаңғырту жағдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған ғылыми жұмыс деп оң баға бере отырып, 6D050600 – «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ «Менеджмент» кафедрасының
профессоры м.а., экономика ғылымдарының кандидаты



Г.С. Смагулова

